БЕКІТЕМІН _______________

Ғафу Қайырбеков атындағы
№2 мектеп-гимназия директоры
С. Б. Нугуманов
«26» ___таммыз___ 2022 жыл

Педагогикалық кеңесте қаралды
Хаттама №1

«26» ___тамыз___ 2022 жыл

# ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №2 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ 2022-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Мазмұны**

Бағдарлама паспорты

Кіріспе

I.Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша  сипаттама

II.Мектептің 2021-2022 оқу жылының білім беру
жүйесінің жағдайына талдау.

III.Мектептің миссиясы, мақсаты мен міндеттері

IV.Мектепті  дамытудың басым бағыттары.

V.Бағдарламаны іске асыру тетіктері

VI.Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

**Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының даму бағдарламасы**

**Бағдарлама паспорты**

| | |
|---|---|
| Атауы | Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының 2022 -2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздеме | - ҚР "Білім туралы" Заңы<br>-«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы<br>-Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы<br>-Жалпыға бірдей білім беру стандарты.<br>-«Қазақстан Республикасындағы дарынды балаларды айқындау және қолдау көрсету» Концепциясы (1998 жыл)<br>-«Дарын» жас таланттарды қолдау Мемлекеттік бағдарламасы (1997 жыл);<br>-«Педагог мәртебесі туралы» Заң 2019жыл, |
| Негізгі әзірлеуші | Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының әкімшілік құрамы |
| Мақсаттары | 1.Мектептің одан әрі дамуының басымдықтарын анықтау;<br>2.Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртуда мақсатты сипатты қамтамасыз ету бойынша білім беру кеңістігі субъектілерінің қызметін үйлестіру, күш-жігер мен ресурстарды шоғыр ландыру үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін мектепті дамыту;<br>3.Білім беру саласының әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешу және экономикалық өсуге білім берудің тиісті үлесін қамтамасыз ету;<br>4.Мектепте білім беруді дамытудың жергілікті бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз құру; |
| Міндеттері | 1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.<br>3. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.<br>4. Үздік іс-тәжіріибе негізінде педагогтердің біліктілік сапасын арттыру, білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету.<br>6. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.<br>7. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру. |
| Күтілетін нәтижелер | 1. Білім берудің жаңа мазмұнын іске асыру бойынша тұрақты оң динамика.<br>2. Ішкі және сыртқы бақылау нәтижелері бойынша оқушыларды оқыту сапасының оң динами касы.<br>3. Олимпиада, әр түрлі зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің санының өсуі.<br>4. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын белсенді қолдану.<br>5.Біліктілікті арттырудың мектепішілік жүйесін жаңарту және инновацияларды енгізу жағдайында педагогтардың кәсіби дайындық деңгейін, кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби мәдениетін арттыруға ықпалын арттыру<br>6. Білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін педагогтардың желілік өзара іс-қимылын кеңейту.<br>7. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің өсуі, оның ішінде оқытудың жобалық, ғылыми-зерттеу әдістерін белсенді пайдаланатын мұғалімдер санының өсуі. |
| Іске асыру мерзімдері | 2022 жыл: Бағдарламасын дайындау және бекіту.<br>2023-2025жж: Бағдарламаны жүзеге асыру.<br>2026ж: Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін қорытындылау. |

## Кіріспе

Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының Қазақстан Республи касында білім беруді және ғылымды дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы, ҚР "Білім туралы" Заңы, «Ұлт жоспары» 100 нақты қадам: барлығы үшін қазіргі заманғы мемлекет; Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; -«Қазақстан Республикасындағы дарынды балаларды айқындау және қолдау көрсету» Концепциясы , «Дарын» жас таланттарды қолдау Мемлекеттік бағдарламасын ; «Педагог мәртебесі туралы» Заң 2019, негізінде әзірленді. Бағдарлама жалпы білім берудің мектеп жағдайындағы модернизация стратегиясын анық тайды. Білім беруді дамыту және жаңғырту бағдарламасының негізгі мақсаттары, міндеттері мектеп-гимназияның жалпы мәдени, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, ерекшеліктерін ескереді. Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы барлық білім беру жүйесінің даму стратегиясы мен әлеуметтік саясатты іске асыруды ескере отырып, мектептегі білім берудің қазіргі жай-күйі, оның дамуын болжау негізінде әзірленген. Бағдарлама жалпы мектеп-гимназия ұжымы қызметінің негізгі бағыттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Қазіргі таңда білімге, ғылымға деген қызығуы жоғары, интеллектуалды жастар сомдау өзекті мәселе. Оны шешуге орта мектепте пәнді оқытуда ең алғашқы күннен бастап-ақ оқушылардың пәнге қызығушылығын, ынтасын арттыру керек және де білім беруде сабақты күнделікті өмірмен байланыстыра өту тиімді. Сапалы білім беруде мұғалім міндеті – білім технологиясын бүгінгі күн талабына сай жетілдіру. Оқушылардың білімін жүйелі тексеріп, бақылап отыру оқушылардың жауапкершілікке, үнемі жұмыс істеуге баулу, оқушы білімінің тиянақтылығын, тереңдігін арттырады. Мектеп жұмысының негізгі бағыттары: оқушылардың өзіндік білім алу ортасын құрауда заманауи технологиялар арқылы дағды мен іскерлікті қолдана алатын оқушы даярлау; білім жетілдірудің, таным белсенділігін арттырудың жолдары ретінде оқушылар мен мұғалімдер қосымша білім платформаларын жан-жақты қолдана алу; заманауи оқытуды ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру жолдары қарастырылады.

Оқушылардың білім беріктігін қамтамасыз етуде білім сапалары: тоқсан сайын әр пәннің оқытылу жағдайын назарда ұстау, педагогикалық кеңестер мен әкімшілік отырыстарда талқылау, білім сайыстарына қатысу; оқушылардың және педагогтарға арналған пәндік сайыстарға қатысуды қамтамасыз ету; пәндік олимпиадаларға даярлау; жыл көлемінде дарынды оқушылармен жұмыстарды үйлестіруді назарда ұстау; интеллектуалдық сайыстарға қатысуды назарда ұстау және есепке алу жүйелі түрде жүргізіледі.

**Бағдарламаның мақсаты**

Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының 2022 -2026 жылдарға арналған жаму бағдарламасы қол жеткен жетістіктер мен қиындықтарды, негізгі тенденцияларды талдайды. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі басты мақсаттарды, міндеттер мен бағыттарды белгілейді. Білім беру мен тәрбиелеуде педагогикалық үрдістер мен әдістемелік және кәсіби жетілдіруді көздейді. Пән сабақтары мен сыныптан тыс шараларда, тәрбие жұмыстарында оқушының даярлығы мен мүмкіндіктерін, қабілеттері мен білімдеріне сүйене отырып, шаралар мен сабақтардың өту құрылымына талдау жасап, білімнің тиянақты түрде оқушыға түсінікті болуын, нақты дәрежеде игерілуін қадағалау ұстанысы жүзеге асырылады.

Бағдарлама мақсаттарының негізгі бағыттары:

- Оқу - тәрбие жұмысын педагогикалық диагностикалық нәтижелеріне байланысты ұйымдастыру әр баланың іс - қабілетін анықтау, сұранысын білу, білімді өздігінен игеру жағдайында жетекшілік ету;
- балалардың бойындағы дарындылық пен қабілетті дамыту, шеберлігін арттыру, жеке шығармашылығын қалыптастыру;
- оқытудың мазмұны мен жетістігіне ғылыми талдау жасау;
- педагогикалық ізденіс барысында баланың ойлау жүйесінің дамуына болжау жасау, білім берудің өзгеше әдіс-тәсілдерін енгізу;
- оқушылардың жеке шығармашылығын дамыту үшін педагогтардың шығармашылығын, кәсіби құзіретін дамыту;
- өмір бойы білім алуға көшу кезеңінде теориялық білімді практикада қолдануға ерекше көңіл бөлу: оқушылардың жалпы оқу дағдыларына зерттеу жасау: салыстыру, талқылау, білу, түсіну, логикалық ойлауы, пайымдау, суреттеу. (жыл сайын) арнайы оқу дағдыларына зерттеу жасау, барлық пәндерден оқушылардың пәндік ерекшелікке орай зерттеулер жүргізу, қорытындысын шығару, міндеттер алу (тоқсан сайын); сабақ үстіндегі шағын ғылыми жоба қорғау; (тақырыптарға орай қолдану), пән бойынша оқушыларды ғылыми жобаға әзірлеу.
- емтихан және сынақ қорытындыларын кеңестер мен бірлестік отырыстарында талқылау.
- Функционалдық сауаттылықты арттыру: оқушылардың талдау; қорытындылау; негізгі ойда табу; салыстыру; топтау; жүйелеу; дәлелдеу дағдыларын дамыту.

## Бағдарламаның даму кезеңдері

| Жылдар | Іс-шаралар | Орындаушылар |
|---|---|---|
| ***Әр оқушыны жетістікке жеткізуге бағытталған оқу мен оқыту*** | | |
| 2022-2023 ж.ж. | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту: ұлттық құндылықтар негізінде оқыту | Қазақ тілі, тарих пәндері мұғалімдері |
| 2022-2023 ж.ж. | Мектепте Lesson Study енгізу | Шығармашылық топ |
| 2022-2023 ж.ж. | Инклюзивті білім беру: әр бала жетістікке жетуге құқылы | Пән мұғалімдері мен арнайы мамандар |
| 2023-2024 ж.ж. | Кітап оқуды трендке қалай айналдырамыз? | Кітапханашы, сынып жетекшілері |
| 2023-2024 ж.ж. | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту: оқудағы танымдық тәсіл | Пән мұғалімдері мен психологтар |
| 2023-2024 ж.ж | Талантты және дарынды балаларды оқыту: қабілетіне қарай дамыту | Көркем еңбек, музыка пәндері мұғалімдері |
| 2024-2025 ж.ж. | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту: оқудағы әлеуметтік–жағдаяттық тәсіл | Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, психологтар |
| 2024-2025 ж.ж. | Ғылыми зерттеу жұмысына икемділігі бар оқушыларды айқындау және қолдау көрсету | Магистранттар |
| 2024-2025ж.ж. | Оқушыға бағытталған оқу мен оқытуды жақсартуға қажетті шараларды ұйымдастыру | БОЖО Жумагулова Ш. А., шығармашылық топ |
| 2025-2026 ж.ж. | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту: моральдік пайымдау тәсілі | ДТІО Абдульманова Б. А, психологтар |
| 2025-2026 ж.ж. | Сын тұрғысынан ойлау: сыни көзқарастарын қалыптастыру деңгейіне бағытталған іс-шаралар | Курстан өткен мұғалімдер |
| 2025-2026 ж.ж. | Оқудағы көшбасшылық: жаңашыл көзқарас, өзін өзі тану нәтижесіне бағытталған іс-шаралар | Педагог-шеберлер |
| ***Материалдық ресурстарды жетілдіру*** | | |
| 2022-2023 ж.ж. | Кітапхананың көркем әдебиет қорын арттыру | Мектеп директоры, ДШІЖО |
| 2022-2023 ж.ж | Сынып бөлмелерін жаңа жиһаздармен жабдықтау | Мектеп директоры, ДШІЖО |
| 2023-2024 ж.ж | Жаңа технологиямен жабдықтау: мектептегі интерактивтік панельдер санын арттыру | Мектеп директоры, ДШІЖО |
| 2023-2024 ж.ж | Электрондық ресурстар базасын нығайту | Мектеп директоры, ДШІЖО |
| 2025-2026 ж.ж. | Спорттық құрал-жабдықтарды жаңарту | Мектеп директоры, ДШІЖО |
| 2025-2026 ж.ж. | Жаңа технологиямен жабдықтау: заманауи компьютерлер алу | Мектеп директоры, ДШІЖО |

| | | |
|---|---|---|
| ***Педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту және қолдау*** | | |
| 2022-2023 ж.ж. | Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер | Кафедра жетекшілері |
| 2022-2023 ж.ж | Lesson Study – мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсілі | Шығармашылық топ, пән мұғалімдері |
| 2023-2024 ж.ж | Табысты оқыту мен құзырлы мұғалім | ДОІЖО Сейдахметова Т. С. Залетаева А. К. |
| 2023-2024 ж.ж | Білім берудегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық үдерістерді қолдау | БОЖО Жумагулова Ш. А., шығармашылық топ |
| 2025-2026 ж.ж. | Адамдардың қалай оқитындықтары туралы білім саласындағы заманауи жетістіктер | БОЖО Жумагулова Ш. А., шығармашылық топ |
| 2025-2026 ж.ж. | Мұғалім – оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіружұмысының көшбасшысы | БОЖО Жумагулова Ш. А., шығармашылық топ |
| ***Сапалы менеджмент және коллаборация*** | | |
| 2022-2023 ж.ж. | Дамуға бағытталған серіктестік: Серіктес мектептердің қажеттіліктеріне және мүмкіндіктеріне сай әдістемелік шаралар ұйымдастыру. | БОЖО Жумагулова Ш. А., шығармашылық топ |
| 2022-2023 ж.ж | Педагогикалық шеберхана: инклюзивті білім беру-баршаға қолжетімді білім. | ДОІЖО Сейдахметова Т. С. Залетаева А. К., Каменова Ж. Қ. |
| 2023-2024 ж.ж | Педагогикалық шеберхана: оқу мен оқытудағы топтық жұмыс | БОЖО Жумагулова Ш. А., шығармашылық топ |
| 2023-2024 ж.ж | Білім берудегі халықаралық стандарттар | ДОІЖО Сейдахметова Т. С. Залетаева А. К. |
| 2025-2026 ж.ж. | «Мектеп – жоғары оқу орнындағы ынтымақтастық байланысы: мектеп мұғалімдері мен ғалымдардың бірлескен коллаборативті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы инновациялық технологияларды пайдалана отырып, білім сапасын арттырудың жаңа әдістемесін ұсыну | БОЖО Жумагулова Ш. А., ДОІЖО Сейдахметова Т. С. Залетаева А. К. |
| 2025-2026 ж.ж. | Педагогикалық шеберхана:тәжірибені жақсартуға бағытталған зерттеу | БОЖО Жумагулова Ш. А., ДОІЖО Сейдахметова Т. С. Залетаева А. К. |

## Бағдарлама мониторингі

***<u>Оқушыға бағдарланған сапалы қызмет көрсету</u>***

- **2020-2023жылдар (соңғы үш жыл) аралығында түлек шықты**

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 (үміткер) |
|---|---|---|---|
| НОБ аяқтаған түлектер | 140 | 137 | 149 |
| Үздік куәлік (аттестат) алғандар | 15 | 12 | 11 |
| ЖОБ аяқтаған түлектер | 82 | 87 | 87 |
| «Алтын белгі» аттестатын алғандар | 5 | - | 5 |
| Үздік аттестат аттестатын алғандар | 15 | 10 | 4 |

- **2020-2023 жылдар аралығында білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы**

| Оқу жылы | **2020-2021** | **2021-2022** | **2022-2023** |
|---|---|---|---|
| Оқушылар саны | 1751 | 1787 | 1731 |
| Сынып-комплект | 70 | 72 | 73 |
| Орташа сыйымдылық | 25 | 26 | 25 |
| Мектепішілік үйірмелермен қамтылуы | 420 | 480 | 550 |
| Мектепішілік спорттық секциялармен қамтылуы | 55 | 57 | 71 |
| Мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы | 465 | 490 | 706 |
| Мектептен тыс спорттық секциялармен қамтылуы | 137 | 202 | 377 |

- **Соңғы үш жыл ішіндегі оқушылардың оқу рейтингтік көрсеткіштері**

| Оқу бағдарламалары | 2020-2021 | | | | 2021-2022 | | | | 2022-2023 | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үздік | екпінді | орташа | қанағаттанарлықсыз | Үздік | екпінді | орташа | қанағаттанарлықсыз | Үздік | екпінді | орташа | қанағаттанарлықсыз |
| 2-4 сынып | 186 | 268 | 148 | - | 103 | 263 | 210 | - | | | | |
| 5-9 сынып | 95 | 314 | 395 | - | 65 | 335 | 406 | - | | | | |
| 10-11 сынып | 29 | 74 | 59 | - | 24 | 79 | 78 | - | | | | |
| Барлығы | 310 | 656 | 602 | - | 192 | 677 | 694 | - | | | | |
| Білім сапасы | 61,61% | | | | 55,46% | | | | | | | |

- **Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың нәтижелері**

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| Аудандық және қалалық олимпиадаларда жүлдегер оқушыларының үлесі | 54% | 58% | 62% |
| Республикалық олимпиадаларда жүлдегер оқушыларының үлесі | 5% | 7% | 12% |
| Қалалық, республикалық және халықаралық | 3% | 5% | 8% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ғылыми жарыстардағы жүлдегер оқушыларының үлесі | | | |

***<u>Мектеп-гимназия тұрақты дамуына қажетті материалдық-қаржылық ресурстарды қамтамасыз ету.</u>***

- **Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілу үлесі:**

| | |
|---|---|
| SMART кітапхана | 1 кабинет |
| STEM шеберхана | 1 кабинет |
| Физика | 1 кабинет |
| Биология | 1 кабинет |
| Информатика | 1 кабинет |
| Химия | 1 кабинет |

***<u>Ерекше білім алуға қажеттілігі бар білім алушыларға жағдай жасау</u>***

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| Инклюзивтік білім берумен қамтылған, ерекше қажеттілікті талап ететін бала үлесі | 0,30% | 0,39% | 0,44 |
| Үйден оқитын оқушылар саны | 0,20% | 0,44% | 0,23% |
| Инклюзивті білім беру бойынша курстан өткен мұғалімдер үлесі | 3 | 1 | - |

| Оқу жылы | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымдарында білім алушыларды спорт секцияларының қызметімен қамту | 55 | 57 | 71 |
| тұрмыс жағдайы нашар отбасынан шыққан балаларды ыстық дәруменді тегін тамақпен қамтамасыз ету | - | 140 | 90 |
| мектеп инспекторы | 1 | 1 | - |
| Құқық бұзушылық бойынша менеджер | - | - | 1 |
| Психолог | 2 | 2 | 2 |
| Әлеуметтік педагог | 1 | 1 | 1 |
| Дефектолог-логопед | - | - | 1 |
| турникеттер | 1 | 1 | 1 |
| бейнебақылау камералары | 48 | 58 | 58 |
| мектепішілік бақылауда тұратын оқушылар санының үлесі | 2 | 2 | 2 |
| кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде тұратын оқушылар санының үлесі | 1 | - | - |

***Педагог қызметкерлердің кәсіби потенциалын арттыру***

- ***Білім беру процесін кадрлармен қамтамасыз ету***

| Оқу жылы | **2020-2021** | **2021-2022** | **2022-2023** |
|---|---|---|---|
| Педагог қызметкерлер саны | 103 | 105 | 120 |
| Педагогикалық өтілдің орташа көрсеткіші | 15-20 жыл | 15-20 жыл | 15-20 жыл |
| Орташа жас көрсеткіші | 25-55 жас | 25-55 жас | 25-55 жас |
| 5 жылда 1 рет педагогтардың біліктілік арттыру курсынан өтуі | 18 | 20 | 50 |
| Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі | 45% | 55% | 90% |
| Инклюзивті білім беру бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтардың үлесі | 3% | 5% | 10% |
| PISA тапсырмалары бойынша курстан өткен педагогтардың үлесі | - | 4 | - |
| Мектеп тренерлері | 2 | 3 | 5 |
| Телесабақ түсіруге қамтылған педагогтар | 5 | 10 | - |
| Ағымдағы жылы білім беру ұйымына жұмыс істеуге келген жас мамандар үлесінің серпіні | 5 | 10 | 10 |
| Жоғары және бірінші санаттағы педагогтардың үлесі | 6 | 6 | 6 |
| «Шебер-педагог» біліктілігі бар педагогтардың үлесі | 6 | 8 | 8 |
| «Зерттеуші-педагог» біліктілігі бар педагогтардың үлесі | 32 | 35 | 35 |
| «Сарапшы-педагог» біліктілігі бар педагогтардың үлесі | 18 | 16 | 20 |
| «Педагог -модератор» | 10 | 12 | 12 |
| Педагог | - | - | 24 |
| Магистр | 10 | 14 | 17 |
| Бірінші деңгейлі басшы | - | - | - |
| Бірінші деңгейлі басшының орынбасары | - | 1 | 1 |
| аудандық (қалалық), облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға, семинарларға, форумдарға, көрмелерге, байқауларға, педагогикалық оқуларға қатысушы педагогтардың үлесі | 20% | 50% | 50% |
| эксперименттік, зерттеу, қолданбалы жұмыстарға, ғылыми жобаларға, бағдарламаларға, оқу және әдістемелік басылымдарға сараптама жасауға қатысуы | 20% | 30% | 30% |
| авторлық оқу құралдарының, бағдарламаларының бар болуы | 3 | 4 | 7 |

## I. Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама

Салынғын жылы: 1966. Жобалық қуаты: 800. Жер аумағының көлемі: 0,696 га. Жалпы алаңы: 3469,8 Ғимараттың түрі: типтік. Мекенжайы: Нұр-сұлтан қ., С. Сейфуллин көшесі, 19 үй

Телефон: 8(7172)501631 E-mail: astana_sh@mail.ru

Оқушылар саны:1831 Жұмыстың ұйымдастырылуы: жалпыға міндетті орта білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асыру.

Материалдық-техникалық база: Кабинет саны – 34. Жер учаскелік алаңы - 0,696 га. Спорт залы – 166,43 м. . Футбол алаңы– 2450 $м^2$ Баскетбол алаңы –288 кв.м. Акт залы – 100 орын Орталық жылыту.

Қызметкерлер саны – 120, оның ішінде, әкімшілік –басқару қызметкерлері - 7

Негізгі қызметі: Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясының білім беру жүйесінің концепциясы - білім беру мемлекеттік стандартының пәндері бойынша оқушыларды білім алуға дайындау. Орта білім беру жүйелерінің талаптарына сәйкес, инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту. Гимназия компоненті мен элективтік курстарды оқушылардың жаратылыстану – математикалық, қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласындағы білімдерін кеңейтуге бағыттау.

## II. Мектептің 2021-2022 оқу жылының білім беру жүйесінің жағдайына талдау.

2021-2022 оқу жылын 1-11 сыныптарын 1769 оқушы аяқтады. Барлығы 72 сынып комплект болды. Оның ішінде 31 сынып қазақ тілінде 41 сынып орыс тілінде оқытылды. Олардың ішінде 202 оқушы 1 сынып оқушылары. 2-11 сынып оқушыларының саны 1567. Жыл соңында 162 оқушы үздік, 611 оқушы жақсы деген нәтижеге аяқтады.Үздіктер саны 1 тоқсанмен салыстырғанда 74 оқушыға, жақсы оқитындардың саны 1 тоқсанмен салыстырғанда 119 оқушыға артты. Білім сапасы 1 тоқсанмен салыстырғанда +12%-ға артты.

| 1-11 сыныптар | I тоқсан | Жыл | +\- |
|---|---|---|---|
| Оқушы саны | 1781 | 1769 | -12 |
| Білім сапасы | 43,48 % | 55,46 % | +12 |
| Үздіктер саны | 118 | 192 | +74 |
| Үлгерімі жақсы оқушылар | 569 | 677 | +108 |

Бастауыш сынып бойынша 2-4 сыныптар бойынша 579 оқушы бағаланды. Білім сапасы -63,3% олардың ішінде 104 оқушы үздік, 263 оқушы жақсы деген нәтижеге аяқтады.

Негізгі орта білім беру 5-9 сыныптар бойынша жыл соңында 807 оқушы бағаланды. Білім сапасы – 49,69 % олардың ішінде 64 оқушы үздік, 337 оқушы жақсы деген нәтижеге аяқтады. Үздіктер саны 1 тоқсанмен салыстырғанда 17

оқушыға, жақсы оқитындардың саны 1 тоқсанмен салыстырғанда 95 оқушыға артты. Білім сапасы 1 тоқсанмен салыстырғанда +14,64 %-ға артты.

Жалпы орта білім беру 10-11сыныптар бойынша жыл соңында 181 оқушы бағаланды. Білім сапасы – 55,8 % олардың ішінде 24 оқушы үздік, 77 оқушы жақсы деген нәтижеге аяқтады. Үздіктер саны 1 тоқсанмен салыстырғанда 12 оқушыға, жақсы оқитындардың саны 1 тоқсанмен салыстырғанда 3 оқушыға кемді. Білім сапасы 1 тоқсанмен салыстырғанда +8,02 %-ға артты.

Білім берудегі оң нәтижелерге әсер ететін негізгі факторлардың бірі – коммуникациялық және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы педагогикалық шеберлікті арттыру және оқытудың құзіреттілік көзқарасын дамыту бойынша жұмыстарды жандандыру.

**2021-2022 оқу жылында білім алушылардың үлгеріміне қорытынды аттестаттау өткізу туралы**

Гимназиядағы білім алушыларды қорытынды аттестаттауда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы. №125 бұйрығына еңгізілген өзгерісімен *(өзгерістері 12.04. 2021ж)* бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» басшылыққа алынды. Аталған қағиданың «Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі атты 3-тарауы, 35-тармағына сәйкес: Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталды және мынадай нысандарда өткізілді:

1) 9 сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;
2) 11 сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9, 11 сыныптардың білім алушылары жіберілді.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9-сыныптардың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым күндерінде өткізілді.

**9 қазақ сыныптары бойынша емтихан қорытындысы**

| Пәні | Оқушы саны | Нәтижесі | | | Білім сапасы | Мұғалімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «5» | «4» | «3» | | |
| Қазақ тілі | 69 оқушы | 16 | 35 | 18 | 74% | Нурекенова А. А. |
| Математика | 69 оқушы | 8 | 33 | 28 | 60% | Зияданова Ү. Б.<br>Серикбаева Л. М. |
| Орыс тілі мен әдебиеті | 69 оқушы | 14 | 35 | 20 | 71% | Сакипова Л. А.<br>Асетова Г. Р. |
| Ағылшын тілі (таңдау пәні) | 5 оқушы | 5 | - | - | 100% | Арипова Р. Д.<br>Ахметханова Д. А. |
| Биология (таңдау пәні) | 41 оқушы | 9 | 21 | 11 | 73% | Ибраева Б. С. |
| География (таңдау пәні) | 23 оқушы | 5 | 16 | 2 | 91% | Кизатова А. О. |

**9 «А» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі.**
Сыныпта 23 оқушы бар. Сынып оқушыларының барлығы емтихан тапсырды. 3 оқушы: Болатбек И., Орынгалиева Ж., Тлеулес Д. негізгі орта мектепті үздік аттестатпен бітірді. Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 3 пәннен емтихан тапсырды: шет тілі-3 оқушы, география -6 оқушы, биология-14оқушы.

**9 «Ә» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі.**
Сыныпта 29 оқушы бар. 1 оқушы: Елубай Қуаныш, денсаулығына байланысты ВКК анықтамасымен емтиханнан босатылды. 2 оқушы: Таймас Н, Таушева А. негізгі орта мектепті үздік аттестатпен бітірді. Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 3 пәннен емтихан тапсырды: шет тілі-2 оқушы, география -18 оқушы, биология-8 оқушы.

**9 «Б» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі.**
Сыныпта 20 оқушы бар. Сыныптағы 19 оқушы емтихан тапсырды.1 оқушы, Махатаева Гульнур, денсаулығына байланысты ВКК анықтамасымен емтиханнан босатылды. 1 оқушы, Қартам Аружан, негізгі орта мектепті үздік аттестатпен бітірді. Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 1 пәннен емтихан тапсырды: биология-19 оқушы.

**9 орыс сыныптары бойынша емтихан қорытындысы**

| **Пәні** | **Оқушы саны** | **Нәтижесі** | | | **Білім сапасы** | **Мұғалімі** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **«5»** | **«4»** | **«3»** | | |
| Русский язык | 64 оқушы | 15 | 27 | 22 | 66% | Сауленбекова А. Ж. |
| Математика | 64 оқушы | 9 | 24 | 31 | 52% | Величко Е. Д. |
| Казахский язык и литература | 64 оқушы | 19 | 22 | 23 | 64% | Сейжахметова Т. С.<br>Сейтказин Е. С. |
| Всемирная история (предмет по выбору) | 15 оқушы | 1 | 14 | 0 | 100% | Аяпбергенова Г. А.<br>Смагулова А. Т. |
| Физика (предмет по выбору) | 7 оқушы | 1 | 5 | 1 | 85% | Бисимбаева Ж. Б. |
| Геометрия (предмет по выбору) | 3 оқушы | 0 | 3 | 0 | 100% | Величко Е. Д.<br>Сейтгалиева Ф. И. |
| Английский язык (предмет по выбору)9 | 10 оқушы | 7 | 3 | 0 | 100% | Жумаева М. А.<br>Вереемчук Т. А. |
| География (предмет по выбору) | 27 оқушы | 10 | 9 | 8 | 70% | Садвакасова Р. В. |
| Биология (предмет по выбору) | 2 оқушы | 1 | 0 | 1 | 50% | Ермаханова А. О. |

**9 «В» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі.** Сыныпта 22 оқушы бар. Сыныптағы 21 оқушы емтихан тапсырды.1 оқушы, Аширов Алдаберді, денсаулығына байланысты ДКК анықтамасымен емтиханнан босатылды. Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 3 пәннен емтихан тапсырды: шет тілі-1 оқушы, физика-5 оқушы, дүние жүзі тарихы-15 оқшы.

**9 «Г» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі.** Сыныпта 25 оқушы бар. Сыныптағы 24 оқушы емтихан тапсырды.1 оқушы, Изубчиков Данил,

денсаулығына байланысты ДКК анықтамасымен емтиханнан босатылды. 4 оқушы: Абдибаева М., Андрюшенко А., Сайдалимова Ю., Щвец Е. негізгі орта білім беру курсын үздік аттестатпен бітірді.  Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 5 пәннен емтихан тапсырды: шет тілі-8 оқушы, физика-2 оқушы, биология-2 оқшы, география-9 оқушы, геометрия-3 оқушы.

**9 «Д» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі.** Сыныпта 19 оқушы бар. Сыныптағы 19 оқушы емтихан тапсырды. 2 оқушы: Асенова Д., Канатова Д негізгі орта білім беру курсын үздік аттестатпен бітірді.    Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 2 пәннен емтихан тапсырды: шет тілі-1 оқушы, география-18 оқушы.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11-сынып  білім алушыларын қорытынды аттестаттау  2021 жылдың 27 мамыр - 10маусым  аралығында  өткізілді.

**11 қазақ сыныптары бойынша емтихан қорытындысы**

| **Пәні** | **Оқушы саны** | **Нәтижесі** | | | **Білім сапасы** | **Мұғалімі** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «5» | «4» | «3» | | |
| Алгебра және анализ бастамалары | 37 | 10 | 18 | 9 | 76% | Зияданова Ү. Б. |
| Қазақ тілі | 37 | 16 | 20 | 1 | 97% | Қасымғалиқызы Л. |
| Қазақстан тарихы | 37 | 12 | 21 | 4 | 89% | Зейнуллина Г. Ж. |
| Орыс тілі және әдебиеті | 37 | 13 | 23 | 1 | 97% | Асетова Г. Р. |
| География (таңдау пәні) | 37 | 21 | 16 | 0 | 100% | Кизатова А. О. |

**11 «А» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі** Сыныпта 21 оқушы бар. Сыныптағы 21 оқушы емтихан тапсырды. 1 оқушы, Исахан Бексұлтан, жалпы  орта білім беру курсын үздік аттестатпен бітірді.    Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 1 пәннен емтихан тапсырды: география-21 оқушы,

**11 «Ә» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі** Сыныпта 16 оқушы бар. Сыныптағы 16 оқушы емтихан тапсырды. Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 1 пәннен емтихан тапсырды: география-16 оқушы.

**11 орыс сыныптары бойынша емтихан қорытындысы**

| **Пәні** | **Оқушы саны** | **Нәтижесі** | | | **Білім сапасы** | **Мұғалімі** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «5» | «4» | «3» | | |
| Алгебра и начало анализа | 50 | 11 | 29 | 10 | 80% | Нуркенова Р. Х. Жүніс О. А. |
| Русский язык | 50 | 9 | 31 | 10 | 80% | Сауленбекова А. Ж. |
| История Казахстана | 50 | 16 | 23 | 11 | 78% | Аяпбергенова Г. А. |
| Қазақ тілі және әдебиеті | 50 | 10 | 23 | 17 | 66% | Шнайдер Е. А. Сейтказин Е. С. |
| Физика (предмет по выбору) | 15 | 3 | 12 | 0 | 100% | Бисимбаева Ж. Б. |
| Основы права (предмет по выбору) | 1 | 1 | 0 | 0 | 100% | Аяпбергенова Г. А. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Английский язык (предмет по выбору) | 29 | 18 | 7 | 4 | 50% | Вереемчук Т. А. Жумаева М. А. |
| География (предмет по выбору) | 5 | 5 | 1 | 0 | 100% | Садвакасова Р. В. |

**11 «Б» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі**

Сыныпта 25 оқушы бар. Сыныптағы 25 оқушы емтихан тапсырды. Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 4 пәннен емтихан тапсырды: шет тілі-4 оқушы, география-5 оқушы, физика-15, основы права-1 оқушы

**11 «В» сынып оқушыларының емтихан нәтижесі**

Сыныпта 25 оқушы бар. Сыныптағы 25 оқушы емтихан тапсырды. 1 оқушы, Рахимханова Мерей, жалпы орта білім беру курсын үздік аттестатпен бітірді. Сынып оқушылары таңдау пәні бойынша 1 пәннен емтихан тапсырды: шет тілі-25 оқушы.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібінің 3-тарауы, 49-тармағына сәйкес: Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін оқыған пәндерден "5" деген бағасы бар он екі 9 сынып бітірушісіне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестат берілді. Аталған қағиданың 50-тармағына сәйкес: Жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін пәндерден "5" болған және 10- 11 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары "5" болған екі 11 сынып бітірушісіне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат берілді.

Жалпы 9 қазақ сыныптары бойынша білім сапасы-71%,

9 орыс сыныптарында 66%, 11 қазақ сыныптарында -91%, 11 орыс сыныптарында -79%. Қорытынды аттестаттау белгіленген мерзімдерде, барлық талаптарға сай өткізілді. Емтиханға қатысқан 9 сыныптың 131 оқушысы, 11 сыныптың 87 оқушысы емтиханды ойдағыдай тапсырды, қатағаттанарлықсыз баға алған оқушы жоқ.

2021-2022 оқу жылында мектепте 105 мұғалім жұмыс істеді. Сапалық құрамына қарай педагог-шебер-8, педагог-зерттеуші-35, педагог-сарапшы-16, педагог-модератор-12, және санатсыз - 27. Жоғары санатты -3, бірінші санатты -3 мұғалім, II санатты -1 мұғалім. Оның ішінде жас мамандар саны-10.

Мектепшілік бақылауда әдістемелік жұмысы бойынша нақты ақпаратты көрсететіндей іс-шаралар қамтылды. Бақылау мектеп-гимназиясының мақсат, міндеттеріне сәйкес жасалған жоспар бойынша және әртүрлі тәсілдер мен формалар арқылы іске асырылды.

Пәндерді оқыту бағыты бойынша мұғалімдер 9 кафедраларға бөлінді. Директордың тамыз айындағы бұйрығымен кафедра жетекшілері тағайындалды. Кафедра жетекшілеріне барлығы педагог- шебер, педагог-зерттеушілер тағайындалды.

Кафедра жұмысы мұғалімнің кәсіби потенциалын тиімді қолдану және тиісті оқу пәндерінің оқыту әдісін жетілдіруді үйлестіріп дамыту және осының негізінде – білім беру үдерісін жақсарту.

Кафедралар:

- оқушының оқу мүмкіндігін, білім беру үдерісінің нәтижесін, сонымен бірге пән бойынша оқудан тыс жұмыстарды ұйымдастырып, талдайды;
- білім беру үдерісін қажетті әдістемелік-бағдарламалық кешенмен қамтамасыз етеді;
- пән мұғалімдеріне нақты әдістемелік көмек көрсетуді жоспарлайды;
- әдістемелік семинарды және әдістемелік жұмыстың басқа да формаларын ұйымдастырады;
- пән кабинеттерінің жабдықталуын жоспарлайды және талдайды;
- қажет болған жағдайда оқушының білімділік нәтижесінде оқу материалының минимум көлемі мен мазмұнына қойылатын талапты нақтылайды;
- мұғалімдердің оқу бағдарламасына енгізетін алғашқы сараптау өзгерісін жүргізеді;
- пәнді оқыту тәжірибесін зерттейді және жинақтайды;
- оқушылардың пән бойынша сыныптан тыс жұмысын ұйымдастырады;
- мұғалімге көмек ретінде әдістемелік ұсынысты дайындауға шешім қабылдайды;
- оқушыларға және оның ата-аналарына тиісті пәнді жақсы меңгеру, оқу еңбегінің мәдениетін арттыру мақсатында әдістемелік ұсыныс жасауды ұйымдастырады;
- мұғалімдерге кәсіби біліктілігін арттырудың әр түрлі формасын ұсынады;
- іс тәжірибесі аз және жас ұстаздарға тәлімгерлер жұмысын ұйымдастырады;
- сайыс, олимпиада, пән апталығының (айлық) ережесін жасап және оның өткізілуін ұйымдастырады.

2021-2022 оқу жылының І жартыжылдығында әр кафедрада 4 кафедра отырысы болды (қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан). Кафедра отырысында жоспарға сәйкес атқарылған іс-шаралар қаралып, қорытындысы жасалып отырды. Ең басты мәселе оқыту сапасы, соған байланысты шығармашылық топтар құру ұсынылды. Бақылау барысында шығармашылық топтар құрылымы анықталды. Осы бағыт бойынша ІІ жартыжылдықта нақты іс-әрекетке көшу қолға алынады.

Кафедра отырысында ең басты мәселе ретінде білім сапасы қаралады және ТЖБ мен БЖБ құрастыру, тексеру, талдау жасалады. Қыркүйек айындағы өткізілген мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша, мектептің олимпиада командасы құрылды. Осы командаға кірген оқушылардың аудандық олимпиадаға дайындығы әрқашанда назардан түскен емес. 2020-2021 оқу жылындағы аудандық олимпиада қорытындысы төмен болды. Кафедра жетекшілері алдағы оқу жылында салыстырмалы түрде жақсы болады деп міндеттеме алды. Мұғалімдердің әдістемелік жұмысын жандандыру мақсатында, каникул және демалыс күндері, мектеп тренерлерінен құрастырылған коучингтер және тренингтер өткізіліп тұрады. Жалпы осы уақытқа дейін 4-коучинг және 4-тренинг өткізілді.

27 қарашада «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы оқытудың белсенді әдістері» тақырыбында қалалық семинар өткізілді.

Мектептегі кафедра жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланды. Сондықтан қазіргі мектептегі кафедра жетекшісінің жұмысына белгілі бір нәтижеге жету үшін қойылатын бүгінгі заман талабы-өзіндік ой- тұжырымы бар, логикалық ойлау қабілеті дамыған, өз көзқарасы мен пікірін ашық айта алатын, ақпараттар ағымынан қажетін іріктеп ала білетін, қоғамдық ортаға икемді, өз жолын дұрыс таңдай алатын жас ұрпақ тәрбиелеудің, кафедра мүшелерін ұйымдастырып, топтастыру жұмыстары мақсат етіліп қойылды. Себебі мектептегі әдістемелік жұмыстарды жүйелі жүргізіп, жаңаша жоспарлау оқу-тәрбие үрдісінің сипаты мен мұғалімдердің шығармашылық деңгейлерінің артуына көп септігін тигізері сөзсіз.

**2021-2022 оқу жылындағы жас мамандар жұмысы туралы**

Жыл сайын мектепке жас педагогтар келеді, олар өз қызметінің басында кәсіби, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы қиындықтарды бастан кешеді. Жас мамандарды сәтті бейімдеу және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру үшін 2021-2022 оқу жылында әрбір жас маманға тәлімгерлер бекітілген, олар сабаққа қатысады, оларды талдайды, проблемаларды анықтайды, күрделі тақырыптардың жоспарларын бірлесіп жасайды, бірлескен іс-шаралар өткізеді және т.б. Оқытушыға жеке көзқарас әрқайсысының әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға және жұмысқа шығармашылық көзқарас танытуға мүмкіндік береді.Сондықтан тәлімгерлік жұмыстың төмендегідей негізгі бағыттары айқындалды:

- Жаңа бастаған педагогтардың үнемі өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыру;
- Жас мамандарға кәсіби бейімделуге, шығармашылық қызметтің жеке стилін қалыптастыруға және жетілдіруге әдістемелік көмек көрсету;
- Оқу-жоспарлау құжаттамасы және қашықтықтан оқыту қағидаларымен танысу;
- Нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттаманың мазмұнын зерделеу, оқу құжаттамасын ресімдеу, электрондық журналды толтыру;
- Қазіргі сабаққа қойылатын әдістемелік талаптарды үйрету; сабақтың түрлері мен формаларын көрсету; оқыту әдістерінің сабақты ұйымдастыру формаларына сәйкестігін бақылау;
- Сабақ өткізу кезінде АКТ қолдану. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, сабақты жобалауды үйрету;
- Жас мамандардың бейімделу ерекшеліктерін зерделеу.

